



# КЕҢЕСТИК ЖҮЙЕНИҚ ҚАЙСАР СЫНШЫСЫ

Алаш қозғалысы жетекшілерінің ішінде кеңестік жүйені Мұстафа Шоқайдай жеріне жеткізе сынаған ешкім болған жоқ. Алаштың басқа басшылары елдегі жағдайды әсте кем білген жоқ. Жүйе олардың аузын аштырмады, мақалаларын бастырмады. Мұстафа үшін әділеттілікке, заңдылыққа жүргінген Франция қолайлы жағдай жасады. Неміс фашистері Парижге басып кіргенде де: «Маған панаңауға орын берген мемлекетті тастап кету, өз отанымды тастап кеткенмен бірдей» деп осында қалып қойған болатын. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай Ресейді сынағанда әсте орыс халқының отаны болғандығы үшін емес, оның патшалық, кейін кеңестік жүйенің орталығы ретінде сынады. Түркістан халқының азаттығын өзінің ең басты өмірлік мұраты санау идеясы ұлы күрескер Мұстафа Шоқайда ертерек қалыптасты. Бұған ең алдымен өзінің басынан өткен саяси жағдайлар ықпал етті. Отаршылдардың ата-аналарына үстемдік психологиясы, екі рет кірпіштен салған үйлерін, егіндерін ақысыз пұлсыз алуы, Ташкентте оқығанда жергілікті халықтың орыстарға қатысты түрлі арыз шағымдарын шешуге қатысуы, гимназияны үздік бітіргенде тиесілі алтын медальді генерал-губернатор А.Самсоновтың Мұстафаға қимауы, т.б. ұлтшылдық сергек сезімді ерте оятып, мұның азаттықсыз жүзеге аспайтынын ерте ұғындырды. Сондықтан да бір-бірімен астасып, бірін-бірі аша түсіп, бірін-бірі толықтырып жатқан шартты түрде ғана айтылатын саяси ұйымдастыруышылық һәм шығармашылық қызметінің басты мазмұны мен негізгі мұраты кеңестік жүйемен күрес, сол тудырған шынайы озбыр шындықты әшкерелеу болды. Өзінің бар қүш-жігерін, қабілет-қарымын ақтық демі шыққанша екі жарым жылдай өмір сүрген Алаш үкіметін таратуға мәжбүр еткен, екі айдан астам ғана тағдырлы Қоқан автономиясына қару жұмсаған Кеңес үкіметінің халыққа жат саясаты туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға жұмсады.

Бұл үшін Мұстафа Шоқай Кеңестің жауапты қызметкерлерінің жазған мақалаларынан, сөйлеген сөздерінен, «Еңбекші қазақ», «Қызыл Өзбекстан», «Правда Востока», «Правда», т.б. бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған бұрынғы патшалық, кейінгі пролетарлық Ресейдің езгісіндегі отар елдердің объективті шындығынан мол мәліметтер пайдаланды. Біздер Францияда болғанда Париждегі Тілдер мен өркениеттер университетінің кітапханасында сақталған Мұстафа Шоқай мұрасымен танысқанмызда кітапхана қызметкерлері кезінде атамыз пайдаланған Мәскеудің «Правдасынан» бастап Қазақстан, Өзбекстан басылымдарынан қындылар сақталған папканы ұсынып, олардың бірсынырасының суретін түсіріп алдық.

Мұстафа Шоқай көтерген проблемаларды елдегі Алаш жетекшілері білмеді емес, білді, әсте кем білген жоқ. Алайда қатал цензура, жіті бақылау олардың ой-пікірін баспа бетіне жібермеді. Кейін Әлихан Бекейхан бастаған Алаштың маңдай алды шынайы зиялдылары айдалды, атылды. Ал Мұстафа Шоқай елден жеткен материалдарға қеңестанулық ғылыми түрғыдан талдау жасап, баға беріп, бұл бағытты жаңа интеллектуалдық қекжиекке көтерді. Сондықтан да оны 2009 жылы Мәскеуден шыққан «Орыс шетелінің қоғамдық ойы: Энциклопедия» атты кітаптағы «Мұстафа Шоқайға» арналған мақаласында белгілі Ресей ғалымы С.Искаков «Шоқай – қеңестік ғылымның негізін салушылардың бірі» деп деп атады [1, 607б.]. Бұл жайдан-жай емес еді. Оған әлемге танылған тұлғаның он екі томдық шығармаларының толық жинағындағы 800-ден астам түрлі мақалалар мен мәтіндердің кең мағынадағы Түркістандағы ұлттық мәселедегі сан салалы саясатты жан жақты әрі барынша терең сынауы толық дәлел бола алады.

Мұстафа Шоқай алдымен өз ұлтының, содан соң Түркістан халқының азаттығы үшін құресті сонау Петербургтегі студент кезінен бастады деуге болады. Әрине, ол ең бірінші терең білім алumen бірге сол кездегі орыс қауымындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңіріп, Ресей орталығында студенттермен бірге саяси бой көрсетулерге шықты. Университетте оқып жүрген бір топ студенттермен бірге 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газетіне құттықтау хат жолдауы да, мұсылман түрік жастарымен бірге «Сиратель-мустаким» және Петроградтың оқушы жастары» («Сиратель-мустаким» и учащаяся молодежь Петрограда) атты Үндеуі де тегіннен-тегін емес еді. Тіл мен діннің тазалығы үшін құресі, әсіресе, хаттағы «Қазақ» газетінің «біздің мұнды жүртімізбен мұндастып, бірінің хал- жайын бірі біліп тұруына да жәрдемі аз тимес еді» деген сөздер сол кездегі замана қайшылығынан туған болатын [2, 15-17 бб.].

Түркістандағы жағдайларға байланысты Мұстафа Шоқайдың қалам тартуы 1917 жылдардан басталған еді. «Отставкадағы полковник А Жорабековке ашық хат», «Ташкент. 1 октябрь» және «Екіталақ күндер» т.б. мақалаларында бүкіл Түркістан өлкесіндегі саяси әлеуметтік жағдайдың құннен-қунге қиындалп бара жатқандығына қатысты елдің қарсылық іс-әрекеттері, Қоқан автономиясы үшін құрес кезеңі туралы жазылды.

Мұстафа Шоқай өзінің негізгі тақырыбына шетелге бет бүрғаннан ақ бірыңғай кірісіп кетті. Бұған оның Грузияға келгеннен кейінгі мақалалары дәлел бола алады. 1920 жылы жазылған алғашқы «Ұлт мәселесі және Түркістандағы ұлтаралық қатынастар: Түркістан Құрылтай жиналышын шақыру жөніндегі комитет төрағасының хабарламасы» («Национальный вопрос и межнациональные отношения в Туркестане: сообщение председателя комитета по созыву Туркестанского Учредительного собрания») атты хабарламада төраға

Мұстафа Шоқай дәстүр бойынша ұлт мәселесі халықтың азшылық бөлігін құрап отырған топтар туралы айтылатын болса, Түркістан тәжірибесі оған кері, өлкеде қөпшілікті құрап отырған халыққа қатысты болып отыр деп және мұның әрбір халықтың өзін-өзі билеуге және әрбір ұлт өкілінің өз қалауынша өмір сүрге құқықтарының барлығы кеңестік декреттер мен үндеулерде айқын жазылған жағдайында болып отырғандығы атап көрсетті. Бұған 1917 жылы Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің өлкелік съезіне сайланған 500 солдат және жұмысшы делегаттарының ішінде ондаған ғана түркі халықтарының өкілі болғандығын дәлел етті [2, 150 б.]. Ал осы жылы тағы да Грузияда жазылған «Совет өкіметі және қырғыздар (қазақтар - Ә.Б.)» («Советская власть и киргизы») атты еңбекте қазақ халқының Ресей революциясы кезінде басынан кешкенін сөзben жеткізудің қыындығын, мұны түсіну үшін оны өз көзімен көрудің қажеттігін, бостандық өмірдің орнына қазақ даласы жүздеген мың бейіттер жамылып, әлеуметтік туыстық орнына большевиктік саясаттың салдарынан халыққа ұлттық жеккөрушіліктің тұқымы шашылды, соナン ру-тайпаралық жаулық өрбіді деп жазылды [2,154-158 бб.].

Кеңестік саясат көп ұзамай Түркістан және басқа аймақтарда халықтың басына ашаршылық қасіретін әкелгені белгілі. Бұл шет елдегі Мұстафа Шоқайды ерекше толғантты. 1921 жылғы 26 қарашадағы «Последние новости» газетінің №495 санында жарық көрген «Қырғызиядағы (қазақтардағы) ашаршылық» («Голод в Киргизии») атты мақаласында Мұстафа Шоқай 1921 жылғы қарашаның 16 синда Берлинде шығатын «Новый мир» журналының 244-санында жарық көрген

А.Байтұрсынұлының шағын мақаласы туралы сөз болады. Бұл, М.Шоқайдың ойынша, көшіріліп басылған материалда қазақ жеріндегі ашаршылықтың себебін жүтпен, 1920 жылдың қатал қысымен және бірнеше жыл қатарынан шөп шықпау сияқты табиғи апатпен түсіндірілген. Ал Мұстафа Шоқайдың өзі 1918 жылы бүкіл жаз бойы және 1918-1919 жылғы қыста Торғай, Орал және

Закаспий облыстарында қазақтардың ортасында болып, көзімен көргендерін айта келе, мақаланың 99 пайызы советтік цензураның жұмысы екенін атап көрсетіп, аштықтың қазақ ауылдарындағы негізгі себебі «қоғамдастыру», «тәркілеу» мен қазақ шаруаларының малдарын Қызыл Армияның пайдасына тартып алу деп түсіндіреді. Қорытындыда Ахмет Байтұрсынұлы туралы былай деп жазған: «Ол – әйгілі қазақ жазушыларының бірі. Ол қандай лагерьді жақтаса да, біздер қазақ зияллылары, оның көзқарасының мөлдір екеніне күмән келтірмейміз» [2,282 б.]. Осылай тек ашаршылық тақырыбын ғана сөз етіп қоймай, автор сонау Францияда жүріп Алаштың айрықша ардақтысының біріне деген өзінің ерекше ықыласын да танытады. Келесі «Түркістандағы ашаршылық және большевиктердің аштық саясаты» (Голод и голодная политика большевиков в Туркестане) деген, 1923 жылдың 5 наурызында жазылған, 1923 жылғы «Дни» газетінің №120 санында

басылған мақалада 1918-1922 жылдары Түркістандағы «Қызыл байрақ», «Түркістан» газеттерінде жарияланған деректерге сүйене отырып, жергілікті халықтың жан сақтау мақсатында бір уезден екіншіге көшулеріне, аштықтың болу себептері мен салдарына талдау жасалады. Мұстафа Шоқай большевиктердің Ферғана облысындағы мұндай мәліметтерді жасыру себептерінің бірі – Түркістанға Ресейдің аштыққа ұшыраған губернияларынан орыс шаруаларының келуіне кедергі келтірмеу екенін ашық жазады. Сондай-ақ мақалада облыста табиғи салықтың 105 пайыз деңгейіне көтерілгені, аштыққа ұшырағандардың ешқандай көмек ала алмауы, оларға медициналық жәрдемдердің көрсетілмеуі сияқты мәліметтер берілген. 1919 жылдың 12 ақпанында Ташкентте өткен Жоғарғы Революциялық Совет пен Түркістан Республикасының ОАК отырысында жасаған баяндамасында «Ашаршылықпен құрес комиссияның» төрағасы Т.Рысқұлов мұсылмандар жүртшылығынан аштыққа ұшырағандар бір миллион, ал есепке алынбағандар бұдан да көп» деп мәлімдеген [2, 402 б.].

Мұстафа Шоқай 1923 жылы 31 наурызда Парижде «Последние новости» газетінің №904 санында жарық көрген «Түркістандағы ашаршылық» («Голод в Туркестане») деген мақаласында Ферғана облысындағы аштықтың жалғаса түскені туралы жазған. Қысқа хабарлардың негізінде 1921 жылғы ол өңірдегі аштықтың жайынан өзбек тілінде шығатын «Түркістан» газетінің 1922 жылғы 16 желтоқсандағы санында Наманган уезіндегі жағдайлардан мәліметтер берілген. Бұл ашаршылық 1922 жылға жалғасқан. Мұның себебі егін еgetін жерлердің азайып кетуімен, мал басының кемуімен түсіндірілген. «Қызыл Байрақ» газетінде берілген қысқа ғана мақалада Ферганада егін егу 50 пайызға ғана орындалған. Ашыққандарға Ресей тарапынан еш көмек жоқ, жергілікті жерлерде мүмкіндігінше асханалар ашылып, көмек көрсетілуде. Алайда бұл мардымсыз. Мақала соңында егістік жерлердің елеулі қысқаруы, егіннің егілмей қалуы, су жүйелерінің жарамсыздығы, мал басының кемуі, тұқымның жетіспеуі, мұның ұстіне өте жоғары салық, міне мұның барлығы келер, яғни 1923 жылды да аштықтың жалғасатынын байқатады деген қорытынды жасалған [2, 403-406 бб.]

Ферғана облысындағы шаруашылық – әлеуметтік жағдайды тексерген ресми комиссияның баяндамасының мәліметтеріне сүйене отырып, кең етек алған, халықты аштыққа душар еткен себептерді Мұстафа Шоқай 1923 жылғы 28 қазанды «Дни» газетінде басылған «Ферғана үйіндіде» («Фергана в развалинах») атты мақаласында да жан жақты түсіндірген болатын. Ферғанадағы егіншілік су жүйесінің 70 пайызға дейін бүлінуінің негізі су құрылышы жүйелерін жөндеуден, қарамаудан, каналдардың ластануынан екенін, содан егін еgetін жердің үш есеге кемігені, ондай жердің 1923 жылды 80 пайызы пайдаланылмай қалғаны атап көрсетілген [2,447 б.]

1926 жылдың 19 қаңтарында «Дни» газетінде басылған «Қырғыздардағы аштық» («Голод у киргиз») атты мақаласында

Мұстафа Шоқай Ташкенттен Сырдария облысының ашаршылықта тап болғаны туралы қысқаша хабар алғанын мәлімдей отырып, облыста мұның нышаны 1925 жылы байқалғанын жазады. Егін еуге жарамды жердің жетімсіздігі, судың кемістігінен тиісті өнімнің болмауы туралы шағымдар жасалғанымен жағдайды білуге міндетті мемлекеттік статистикалық басқарма Сырдария облысында астық бітік, тіпті артық болды деп өтірік ақпарат берген. Осындай мәліметтерге сүйенген Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекин Сырдария облысы сегіз миллион пуд астық береді десе, ал «Еңбекші қазақ» газеті шындығында осынша көлемдегі астықты сырттан әкелу керек болып тұр деп жазған. Осылардың барлығын айта келе, Мұстафа Шоқай егіннің болмай қалуына толықтай Совет үкіметі жауапты емес шығар, дегенмен жұртшылық егінді уақытылы жинап алуды құні бұрын өтінгенде шаралар қолданбауына кінәлі деп түйіндейді [2,123 б.].

Мұстафа Шоқайдың ашаршылық туралы жазған шығармаларының ішінде өзінің маңыздылығымен ерекше орын алатын «Түркістандағы Совет өкіметінің ашаршылық саясаты» (Тұrap Рысқұловтың күә болуы) (Голодная политика советской власти в Туркестане (Свидетельство Турара Рыскулова) атты еңбек. Бірақ мұның қашан жазылғаны белгісіз. Дегенмен Тұrap Рысқұловтың «Революция және Туркістанның байырғы тұрғын халқы» («Революция и коренное население Туркестана») деген еңбегі Ташкентте Өзбек мемлекеттік баспасынан 1925 жылы жарық көргеннен соң көп ұзамай жазылған сияқты. Өйткені мұндай еңбекті Мұстафа Шоқай табиғатында кейінге қоймайтын қайраткер публицист. Мақалада 1891 жылы Ресейді өте күшті ашаршылық жайлағаны, орыс үкіметі онымен құресуге дәрменсіз болғаны, содан зордан жеке қоғамдық ұйымдар ашаршылыққа ұшырағандарға көмек берулеріне келіседі. Мұстафа Шоқай атап көрсеткендей, барлық уақытта және барлық жүйеде орыс үкіметі орыс халқының зиялды қауымын халыққа жақын жібергісі келмеді. Интеллигенция ішінде де ашаршылыққа ұшыраған көшілікке көмек көрсетуге қарсы шыққандар болды дейді. Олар ашаршылықты Түркістанда Кеңес үкіметін орнатудың құралы ретінде қарады. Астық та, оны әкелетін темір жол да, армия да қолында болған Совет үкіметі көзге көмек комитеттерін ұйымдастырған сияқты болғанымен шындығында мұсылман аштарға көмекке кедергілер келтіріп отырған. Бұл мұсылман қауымын жою үшін және Түркістанда өз үстемдігін орнатуға оның қарсы тұру мүмкіндігінен айыру үшін жасалған. Мұстафа Шоқай осындай ресми мәліметтерге сүйене отырып, Түркістан мұсылмандары арасында ашаршылықты Совет үкіметінің өзі ұйымдастырды деген қорытындыға келеді. Мұндай тұжырымдарды большевиктер теріске шығаруға тырысты. Алайда Мұстафа Шоқай бұған мынандай жаңа мәлімет ұсынады. Бұрынғы Түркістан Совет үкіметінің басшысы, сол кезде РСФСР халық комиссариаты төрағасының орынбасары Тұrap Рысқұлов 1918-1919 жылдарда сөйлеген сөздері мен баяндамаларының

басты-бастыларын арнаңы жинақ етіп шығарған. Осы кітапта жазылғандай, «Түркістандағы қазан төңкерісіне еңбегі сіңген басшыларының бірі Тоболин ТУРОАК-нің бір отырысындағы былай дейді: «қырғыздар (қазақтар), марксистер көзқарасы бойынша экономикалық жағынан әлсіз, сондықтан олар бәрі бір өлуі керек, сол себепті революция үшін қаржыны ашаршылықпен құреске емес, майданды қолдауға жұмсағанымыз тиімді». Мақалада Тұrap Рысқұловтың Жоғарғы революциялық Кеңеске – ТұрОАК-не өлкे халқының жартысы аш, бірақ Кеңес өкіметінің жергілікті органдары аштықпен құресу ісіне жанашырлықпен қарамайды, сол себепті аштықпен құресу үшін халықтың мұлікті топтарына салық салу туралы жарлық жариялауды ұсынғаны айтылады. Алайда Түркістандағы Кеңес өкіметінің жоғары органдары бұл ұсынысқа жанашырлық танытпаған, тиісті қолдау көрсетпеген. Өзінің көзімен көргендерді және Рысқұловтың сұрақ жауаптарында, тағы басқа көтерген мәселелерді талдай отырып, Мұстафа Шоқай мынандай қорытынды жасаған: «1918-1922 жылдарғы ашаршылық Совет үкіметінің Түркістандағы мұсылман жұртшылығымен қресте әлеуметтік одақтасы және құралы болды» [3, 286-292 б].

Сонау Францияда тұрса да, Мұстафа Шоқайға өлкे жағдайынан өте мазасыз және үрейлі мәліметтер, халыққа аштық қауіпінің нақты төнуі туралы түрлі деректер жетіп жатты. Сондай материалдың бір тобы «Түркістанға ашаршылық төніп тұр» («Туркестану угрожает голод») атты мақалаға негіз болған. Большевик экономистер болашақтағы дүниежүзілік астық көлемі, жем-шөп қоры, КСРО-ғы бесжылдықта қанша мақта және астық жиналғандығы туралы нақты цифrlар дайындалған, алдағы бесжылдықтарға қатысты бағалар (сметалар) жасаған. Сондай-ақ орасан зор штаты бар мекемелер құрылып, Түркістанға Ресейден алдын ала, бес жыл бұрын есептелген шаруашылықтың барлық тұрлері бойынша қажетті мамандар көрсетілген. Өзбек, қазақ, түркімен коммунистері «жақын бесжылдықтың соңына қарай қол жеткен кеңестік шаруашылықтың жетістіктері» туралы жазуда. Алайда бұл уақытта бүкіл ел аштықтың алдында тұрды. Кеңестік Өзбекстан, Қазақстан басылымдарынан алынған деректер арқылы төніп келе жатқан аштық апатының ауқымы көрсетіледі. Осыларды жаза отырып, автор тек Мәскеу билігінен құтылғандаға Түркістан тұріктері өз елінің қожайыны бола алады деген пікір білдіреді [3, 340-345 бб.]. Ал келесі мәлімет бойынша Ақмола уезі түгел аштыққа ұшыраған, ашыққандар даланы кезіп қолға түскен мысық, иттерді жеуге мәжбүр болған. 1922 жылдың наурызында белгілі қазактың қоғам қайраткерлері (аттары аталмаған) Орталық кеңес үкіметінен жәрдем етуін, «Көмек комитетін» құруға рұқсат беруін сұраған. Өтініштеріне жауап ала алмағаннан соң олар ашыққандарға көмек үйымдастыратын жергілікті комиссиялармен бірлесіп, көмек жинауға елеулі үлес қосады. Ал үкімет жауаптың орнына Ресейден

шетелге экспортқа астық жіберіп жатады. Бұл мәліметтер 1924 жылы 5-інші шілдеде «Дни» газетінде жарық көрген «Аштық» («Голод») деген мақалада жазылды [2, 532-533 б.].

Мұстафа Шоқайдың Түркістандағы ашаршылық туралы мақалалары Еуропаға ғана емес, басқа шетелдерге де белгілі болады. Оған 1934 ж. 15 шілдеде Лондонда тұратын орыс эмигранты А.В. Байкаловтың М.Шоқайдың жазған хатында: «Ашаршылық туралы мәліметтің үшін үлкен раҳмет: мен оларды тиісті жерлерге тапсырдым. Бұл мәліметтер «Соц. лестницаның» (Берлинде шығып тұрған эмигранттық журнал. – Ә.Б.) соңғы санында басылған хат-хабарларда, сондай-ақ газеттің бүгінгі санында жарияланған «Обсервердің» (1791 жылдан Лондонда шығатын жексенбілік газет. – Ә.Б.) жанама тілшілерінің хатында толығымен расталды. Бұл мәселе жөніндегі Сізге белгілі нәрселердің барлығын жіберіңіз» деп жазылған. Сонымен қатар Ресейге төніп келе жатқан сұмдық ашаршылықтың шын деректерін большевиктер өткен жылдағыдай Еуропа қауымдастығының пікірінен жасыру үшін барлық шараларды жасап жатқаны, сондай-ақ Англияда большевиктер ұйымдастырған ашаршылыққа қарсы қоғамдық наразылық комитеті құрылғаны, сондықтан оған ашаршылықты растайтын барлық деректер тиімді болатыны айттылған. Автор өзінің күші мен мүмкіндігі жеткенінше бұл комитеттің жұмысына көмектесетінін, себебі ашаршылық туралы мәселе саяси қайшылықтардың қай-қайсынан да жоғары деп түйіндейді [4, 269 б.].

Түркістандағы ашаршылық және осымен байланысты Совет үкіметінің саясаты туралы сөзімізді жинақтай келе, оның әлеуметтік салдары туралы бір мәліметке жүгіне кетелік. Большевиктер Түркістан «РСФСР аумағындағы ұлттық мәселелердің ғылыми зертханасы», не «Бүкіл мұсылман Шығысындағы тәжірибе алаңы» деп басталатын 1924 жылғы 5 шілдеде «Дни» газетінде жарияланған «Ұлттық мәселе зертханасы» (Түркістан тәжірибелерінен) («В «Лаборатории национального вопроса» (Из туркестанского опыта)» деген мақалада бірден «кеңес эксперименттерінің» нәтижесінде Түркістанда 1917 жылдың 1 маусымында 8 084 700 адам болса, 1922 жылдың 1 маусымында 5 029 512-ке төмендегені келтірілген [2, 534 б.]. Бұдан әрі мақалада советтік баспасөздің өзі мұсылмандардың өліміне (ресми аштыққа көмектесуден бас тарту, қатығез қудалау) кінәлі деп көрсеткендегі мүлдем жазасыз қалды немесе Түркістан шегінде тиімді орындарда орналасты деген мәліметтер зертхананың сәтсіз «тәжірибелері» деп аталған.

Түркістандағы ашаршылық кеңестік жүйенің табиғатынан да туындаған болатын. Бұған дәлел ретінде Мұстафа Шоқайдың 1923 жылғы 4 қарашада «Дни» газетінде басылған «Түркістанды советтендіру» («Советизация Туркестана») атты мақаласын алуға болады. Мұнда Түркістанды, оның ішінде ертегідегідей орасан табиғи байлықтың орталығы болған Ферғананы алғыс және ұмытылған ескі жүйенің игеруі бағыттағы алғашқы қадамды «Ұлы Қазанның» жойғаны жөнінде

жазылған. Түркістан ОАҚ төрағасы Хидыр Алиевтың «Известия» тілшілеріне берген сұхбатында соңғы алты жылда өлкедегі өндірістің, ауыл шаруашылығының жайларынан мәліметтер келтірілген. Мысалы, 70 пайыз малдың басы өлім-жітімге ұшыраған. Халықтың жағдайы да мәз емес. Жалғыз Ферғанада 280000 адам аштыққа ұшыраса, милиционерлер де аш, соттар да кедейшілікте өмір сұруде. Мақала соңында кеңестендірудің күйі осы деген түйін жасалған [2, 449 б.]. Ал 1925 жылдың 28-қаңтарында «Последние новости» газетінде жарық көрген «Түркістан кедейлерімен байланысу» («Смычка» с Туркестанской беднотой») атты мақалада жергілікті баспасөз беттерінде берілген материалдарға сүйене отырып, адамдар саны, салық көлемі сияқты нақты мағлұматтар тілге тиек етіледі. Ет салығын төлей алмаған мұсылмандарды жабайы шошқаны ұстап союға мәжбүрлеген биліктің «қамқорлығын», «лениндік ауылға назарын» т.б. жағдайларды сипаттай отырып, мақала Түркістандағы «Ұлы октябрьдің жақсылығын» жоққа шығаруға бола ма деген риторикалық сұрақпен аяқталады [3, 38 б.]. Осындай саяси әлеуметтік қыыншылықтар халықты өзінің туған топырағын тастап шетке кетуге мәжбүр еткені белгілі. Мұстафа Шоқай өзінің «Түркістан босқындарының трагедиясы» («Трагедия туркестанских беженцев») атты еңбегінде бұрын өзінің маңдай терімен шөл даланы ғұлстанға айналдырып отырған түркістандықтар орыс пролетариаты диктатурасының қол астында саяси бостандықтан, өзіндік ұлттық дамуы түгіл, өмір сұру мүмкіндігінен айрылып, өз жерлерінде құлға айналды. Бар құндылықтары мен қасиеттері аяқ асты етілгеннен кейін, жай адам ретінде елде өмір сұру қыынға соққаннан Персияға, Түркияға, Ауғанстанға көшүге мәжбүр болды. Автор мақала соңында ол жақта да олардың қыыншылықтарға ұшырап отырғандарын атап көрсетіп, қалайша ұлттық еркіндік пен тәуелсіздіктің құні тумайды, қалайша біздің өмір үшін күрескен туыстарымыз барған елдерінде тек салқын және тымық қатынасты қутеді деген [5, 167-168 бб.].

Мұстафа Шоқай «Кеңес патриотизмінен – орыс ұлтшылдығына» (От Советского патриотизма к русскому национализму) атты мақаласында осыдан бір жыл бұрын Кеңес үкіметі ресми жариялаған «кеңестік патриотизм» Сталин жасаған «социализмің бір елде женеуі мүмкін» деген теориясына сәйкес уақытша бір мезгіл дүниежүзілік күрестен шегіне тұру үшін, кеңестік Ресейге қараған халықтар назарын дүние жүзі пролетариатының төңкерісі мен отар халықтардың азаттығы сияқты нысаналардан бұрудан туған болатын. Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің Ресейді «ұлттардың ұлы түрмесі» дегенінен Сталиннің тікелей талап етуімен бас тарту туралы қаулыға сәйкес енді Ресей империясының тарихы көрші елдермен онды қарым-қатынастар, өзара кірігулер нәтижесінде «табиғи түрде» пайда болған деп түсіндірілді. Шет аймақтар Ресейдің отары болмаған, олар жағырапиялық жағдайлар мен тарихи заңдылықтар негізінде

жүзеге асқан деп сендірлді. Бұл сияқты Ресейдің тарихы туралы жаңа теориялар «Правда» және «Известия» газеттерінің бірнеше сандарында жарияланды. Бұл тұжырым одақтас республикалар арасында Ресей Федерациясын бірінші орынға шығарды. Сол себепті «Правда» газетінде (36.02.01) осы тен құқықты Кеңес патриоттары арасында біріншілік орыс халқына, орыс жұмысшыларына, орыс еңбекшілеріне тиесілі, төңкерістің алғашқы күнінен осы күнгі сәулетті дәуірге дейінгі барлық істерде оның рөлі айрықша деп жазылды. Алайда бұл Кеңестер Одағының орыс емес өлкелерінде жергілікті халықтың «ұлттық патриотизмін» оятты. Мақала енді Ресей бұғауындағы елдер өздерінің құрескөр ұлтшылдығын ашық дәріптеліп отырған «орыс ұлтшылдығына» қарсы қоя алар ма екен деген сұрақпен, алдағы тағдыр осымен байланысты деген сөздермен аяқталады [6,75-79 бб.].

«Яш Түркістан» журналының 1933 жылғы №48 санында жарияланған «Кеңес ұstemдігінің 16-шы жылдығына орай» атты мақала басындағы «Большевиктер өз диктатурасының 16 жылдығын мерекелеуде» деген бөлімде Ленин «Орыс Қазан төңкерісі тек дүниежүзілік төңкеріс арқылы ғана өмір сүре алады» деп есептеген кеңестік ұstemдікті большевиктердің жаулары осыншама уақытқа созылады деп ойламаған болатын. Кеңес үкіметі дүниежүзілік төңкерісті ұйымдастыруши, «әлемнің ең дамыған елдері – Англия, Франция және Германияда» төңкеріс жасаудың штабы деп танылған еді. Сондықтан ол төңкеріс жасау үшін еш елден ешнәрсені аямады. Бірақ бұл жүзеге аспай қалды. Осылайша кеңестік Ресейдегі он алты жылдағы ішкі жағдай қысқаша баян етілген [7, 339-347 бб.].

Мұстафа Шоқайдың Советтердің шынайы шындығын ашып берген, ғылыми айналымға түскеніне көп болған, әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған, біріші бөлімі 1928 жылы «Les Sovits en Asie Centrale» деген атпен француз тілінде жарық көрген көлемді туындысы «Советтер қол астындағы Түркістан (Пролетариат диктатурасына мінездеме)» атты еңбегі. Оның алғы сөзін жазған француз социалистер партиясының жетекшілерінің бірі, кезінде «Юманите» газетінің директоры болған Пьер Ренодельдің пікірінше, Мұстафа Шоқай сол кездің өзінде-ақ өз елінің аса зиялды тобына жататын адам ретінде Орта Азияда болып жатқан оқиғаларды жақсы біліп, мәселені терен түсіністікпен толқи отырып баян еткен. 1935 жылы алғашқы басылымнан жыл өткен соң автор кітапты орыс тілінде қайта шығарған. Мұның бірнеше себептері бар еді. Біріншіден, Қазан революциясының Түркістан аумағындағы және одан сырт жердегі фактілері, екінші жағынан, соңғы кездерде большевиктер әсіре боямалап, «Түркістандық Қазан» деп шындыққа мүлде жанаспайтын мәселелерге байланысты құжаттық материалдар ұсынған болатын. Олар большевик Георгий Сафаровтың 1921 жылды Түркістан мәселесі туралы арнайы құрылған комиссия мен автордың өзінің жеке көргендері негізінде жазылған «Отарлық революция.

Түркістан тәжірибесі», сол кезде РСФСР Халық комиссариатының орынбасары қызметін атқарып жүрген Тұрар Рысқұловтың «Революция және Түркістанның байырғы халқы» және Брайнин мен Шафироның 1934 жылы шыққан «Советтердің Жетісудағы алғашқы кадамдары» және 1935 жылы шыққан «Алашорда тарихының очерктері» деген, бірақ шықпай жатып зиянды, контреволюциялық деп айдар тағылған кітаптар болатын.

Бұл кітаптың жазылуына Совет үкіметінің қаржысымен Қазан революциясының X жылдығына орай Мәскеуге келген француз большевик коммунистер делегациясының бір тобының Түркістанды аralағандағы көрген-білгендери негіз болған. Француз делегаттарының Ташкентте, Қоқанда, Самарқанда, Бұқара да және Ашхабадта «алған» әсерлерінің негізгі түйіндері, қысқаша айтқанда, мынадай: бірінші, советтік жас Өзбекстанда жергілікті халықтың өздерін-өздері басқаратындықтарын анық көрген; екіншіден, жинаған анықтамалар бойынша, мемлекеттік мекемелердің басым көвшілігіндегі басшылар құрамының негізгі бөлігі жергілікті халықтардың өкілдері екеніне көз жеткізген; үшіншіден, Совет мемлекетінде, барлық ұлттардың тең құқылышының шынымен-ақ жүзеге асырылып жатыр. Өздерінің «мәлімдемелерінде» француз делегаттары «Түркістан ұлттық республикасында» «қалаған жердің бәріне барғандықтарын», «өздеріне емін-еркін жүріп-тұрудың барлық мүмкіндігі жасалғандығын» жазып, Түркістандағы ұлт саясатының шындығын көргендеріне қуәлік беруге тырысып, өздерінің ерекше шаттық ықыластарын Ташкентте шығатын «Правда Востока» газетінің қызметкерлерімен ақ жарыла бөліседі.

Мұстафа Шоқай орыс империализмінің отарлау әдісінің Түркістанда қалай жүзеге асып жатқанын, халықтың барлық жағынан да тонаушылыққа ұшырап, езгіге түскенін көрсеткенде дәлелді сол кездегі Түркістан өмірінде үлкен рөл атқарған Түркістан ЦИК-інің бұрынғы тәрағасы, РСФСР Совнаркомы тәрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов пен Түркістан Совнаркомының бұрынғы тәрағасы Сорокин еңбектерінен, большевиктердің Ташкентте шығатын «Правды Востока» газеті мен «За партию» журналы және т.б. басылымдарынан алады. Мысалы, Тұрар Рысқұлов «Революция және Түркістанның байырғы халқы» деп аталатын кітабында (өзбектің Мемлекеттік баспасынан 1925 жылы, Ташкент, 101-б.) былайша жазып еді: «Басшылықтың өкілдері өздерінің орыстарын ғана қорғаштады, олардың тамақтары тоқ, киімдері бүтін, басқалардың торқасымен, қымбат жиһаздарымен үйлерін жабдықтады. Ал, біздерге, мұсылмандарға, не жақсылық істей қойды? Тамақ берді ме? Жоқ! Киіндірді ме? Жоқ! Егер киім берсе, кедейлер жалаң аяқ жүрер ме еді? Егер тамақ берсе, 1000-дап, 10000-дап аштан қырылар ма еді? Біздердің үйлерімізде не қалды? Тозығы жеткен жыртық көрпелер ғана қалды. Басқа түк те жоқ!»

Кітап советтік құрылыштың яғни «лениндік ұлт саясатының 18

жылдық мерейтойы мен салтанатына орай шыққан болатын. Осы себеппен еңбектің «Автордан» деген бөлімінде Кеңес үкіметінің ұлт саясатының салтанатты мерейтойына орай Ленин мен Сталиннің Октябрьге дейінгі және одан кейінгі теориялық тұжырымдарына қысқаша талдау жасалған. Ленин 1914 жылдың сәуірінде былай деп жазған еді: ұлттың өз тағдырын өзі билеушілігі бөтен ұлттық ұжымнан бөлек шығуында, өз алдына жеке мемлекет құруында. Осы лениндік негізгі қағида большевиктердің кейінгі сөздерінде үнемі қайталанып келді. 1917 жылы сәуірдегі Петербургте өткен большевиктердің фракциялық (ол уақытта большевиктер социал-демократиялық партияның фракциясы ғана болатын) конференциясында Сталин: «Ресейдің құрамындағы езілген халықтарға олардың Ресейдің құрамында қалғысы келе ме, әлде жеке мемлекет болып бөлінуді қалай ма деген еріктілік өз қалауларына берілуі қажет», – деп батыл әрі нық сеніммен айтқан болатын. Алайда большевиктер билік тұтқасын қолдарында ұстағандарына төрт жыл өтіп, ақтарды жеңіп, Азамат соғысын өз пайдаларына ұтқаннан кейін бұрынғы ұстанымдарынан айнаған еді. Өйткені бұл кешегі тактикалық әдісті енді, большевиктер сөзімен айтқанда, империалистер тиімді пайдаланып отырған көрінеді. Сол себепті Ұлт мәселелері жөніндегі халық комиссары Сталин: «Біз бұл ұранменен қоштасқалы екі жыл болды. Ендігі жерде бұл ұран біздің программамызда жоқ. Біздің программамызда ұлттардың өздерін-өздері билеуі деген сияқты көмескі, бұлдың ұран емес, халықтардың өз алдына мемлекет есебінде бөлінуі туралы айтылады. Екеуі екі басқа мәселе» деп мәлімдеген болатын. Автор осындағы Кеңес көсемдерінің сөздерін нақты келтіре отырып, лениндік-сталиндік ұлт саясатының мәні, міне, осындағы деген қорытынды жасады. «Үнтабақшасында: «Ұлттардың жеке бөлінуге де құқы бар өзін-өзі билеушілігі» деп жар салса, ал шындығына келгенде, ұлттардың өзін өзі билеушілігі бос даңғазаға, ал еркін еріктілігі нағыз контрреволюциялық нышанға айналды» деп жазды [8, 79-151 бб.].

Мұстафа Шоқай большевиктердің бетке ұстар ұрандарының бірі болған «ұлттың өзін-өзі билеушілігі» туралы теориясының екіжүзділігіне Қазаң тәңкерісінен кейін де оралған болатын. 1930 жылы жазған «Ұлт мәселесі тәңірегінде» деген еңбегінде Сталин, Пятаков, Бухарин, Дзержинский сияқты большевик жетекшілерінің ұлт мәселесі турасындағы түрлі пікірлеріне талдау жасай отырып, екіжүзді саясатты нақты мысалдармен ашып берді. «Біздің күресіміз ең алдымен атамекеніміздегі орыс пролетариаты ұstemдігіне қарсы бағытталады... Большевиктер өзара айтысып, қырқыса берсін. Біз оларды бір жаққа қоя тұрып, бәрінен бұрын өзіміздің шын мәніндегі тәуелсіздігіміз үшін күресе беруге тиіспіз» [7, 84 б.]. Ал «Ұлттық күрес майданында» атты мақалада орыс большевиктерінің «көзі тірі тәңірісі» Сталиннің 1921 жылы өткен X партия конференциясында: «Ұлттардың өз тағдырын өзі

белгілеуі – жай ұран» деп ұлттардың өз тағдырын өзі белгілеу құқығынан айырып тастағанын айта келе, Мұстафа Шоқай мынандай қорытынды жасайды: «Аз-кем болса да пайымдау қабілеті бар және өзінің «менін» жоғалтпаған әрбір адам өз халқының тағдыры хақында ойланбастан орыстардың найзасының күшімен осы сияқтанған құбылмалы «ұлттық саясаттың» обьектісі болғанын түсінеді. Бұрынғы қара патшалық және қазіргі қызыл кеңестік Ресейдің шеткегі орыс тұрмайтын аймақтарын саяси қанау мен отарлық тонаудан бөлек әлдеқандай «лениндік саясат» барлығын растау үшін барлық бар ар мен үяттан ада болу керек» [7, 152 б.].

Мұстафа Шоқай кеңестік жүйенің тоталитарлық тәртібін, кейін жеке басқа табынуға жалғасқан әміршіл-әкімшіл басқаруды жақсы таныды. Мейлі саяси партияның болсын, мейлі саяси қайраткердің болсын жеке басшылығы ешуақытта жақсылыққа жеткізбекен. Осындай кеңестік жүйе ұлы державалық шовинизммен астасып, шет аймақтағы халықтардың ұлттық ерекшеліктері мен мұдделерін мойындаады, оларды да Жаратушының басқалармен тең құқықты пендесі деп санамады, жергілікті мәселелерді көтергендерді «буржуазиялық ұлтшылдар» деп құдалады, тұрмеге тықты, атты. Маркстік бітіспес таптық күресті негізге алған кеңестік саяси ілім қарапайым, әлеуметтік құрылымдары әлі айқындала қоймаған, қалыптаспаған Түркістан аймағының халқын ұstem-қанаушы, төмен-қаналушы, жау-бай, дос-пролетариат, қызыл-ақ деп айырды. Мұндай мемлекеттік жүйеден не болса да күтуге болатын еді. Мұны кешегі 70 жылдай өмір сурген кеңестік билік толық дәлелдеді.

Мұстафа Шоқай өзінің 1930-жылдары жазылған «Түркістан бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» («Несчастье Туркестана и пути избавления от него») атты мақаласында Қоқан үкіметі большевиктер тарапынан қарулы күшпен құлатылған күннің ертесіне қарсылық пен көтерілістер басталғанын, оның ұлттық және саяси себебі бар екенін атап көрсетті. Кеңес үкіметінің Түркістанға жат және жау екеніне, жаңа экономикалық саясаттың отарлық езгіні бұрынғыдан бетер ауырлатып жібергеніне толып жатқан дәлелдер келтіреді. Бұл – аймақты орыс астығына тәуелді етіп қойған мақта саясаты, орыс және жергілікті шаруалар арасындағы экономикалық және мәдени қайшылықтардың тым асқынып кетуі, Түркістанда орыстарды патша заманындағыдан әлденеше көбейтіп жіберген мұғажыр саясаты, ұлттық мұдделерді орыс пролетариаты диктатурасының талаптарына мәжбүр ететін большевиктердің «ұлы орыс державалық» рухы т.б. жайлар болатын. Міне, осындай большевиктердің Түркістандағы ұлттық саясатынан туған сан-салалы тығырықтан шығудың қандай жолы бар деп Мұстафа Шоқай өз-өзіне сұрақ қояды да, түркістандықтардың ортақ жауға қарсы жеке-дара күресі нәтижелер бермейтінін ескертіп, жаумен қарулы күресті іштегі партия және үкімет аппаратындағы күреспен үштастыру керегін, сондай ақ мемлекеттің іштей біріккен күштерін

өздерінің ұлттық тәуелсіздігі жолында Ресейге қарсы құресіп жатқан басқа халықтардың күшімен үйлестіру қажеттігін атап көрсетеді. Тығырықтан шығудың бұдан басқа жолы жоқ. Тек кеңестік Ресейдің қарамағындағы орыс емес халықтардың біріккен күшімен ғана ұлттық өмірдің тәуелсіз еркін жолына түсуге мүмкіндік болады деп түйінді [9, 122-125 бб.].

Кеңестік заманның табиғатынан туындаған халықты қан қақратқан саяси қуғын-сүргін 30-ыншы жылдары шырқау шегіне жетіп еді. Бұл тақырыпқа «Түркістандағы партиялық тазалау нәтижелері», «Түркістандағы саяси қырғын», «Саяси қырғынның» құрбандары» т.б. мақалалар арналған. Алғашқы мақалада автор өзінің тұжырымдарын 1934 жылы 28 маусымда «Правда Востока» газетінде жарияланған партия қатарын тазалау бойынша Орта Азиялық өлкелік комиссиясының төрағасы Петерстің баяндамасы негізінде жасайды. Оның айтуынша, Түркістан республикаларының партия үйымдарында «жат элементтерге» толып кеткен. Сол себепті бір Ташкент партия үйымы қатарынан партия мүшелерінің 23% шығарылған. Ал басқа облыс, аудандық партия үйымдарында партия мүшелерінің 60-90%-ға дейін жат элемент болған. Ұлтшылдық элементтер өздерінің шынайы ниеттерін жасырып партия қатарына кіріп, бұлдірушілік әрекеттерін жалғастыруда. Мұстафа Шоқай мақалада кеңестік диктаторлық партияның шынайы табиғатын ашып, не себептен большевиктік партия мүшелері құрамының төменгі сапада болғандығын түсіндіреді [10,388-392 бб.]. Ал қалған екі мақалада Түркістан газеттерінде 1937 жылғы қыркүйек айында жарияланған «халық жауларының» тізімі берілген және оның толық еместігі ескеrtlіген. Тек Қазақстан бойынша 31 адам осылай аталған. Бұлардың қатарында ОК төрағасы Ұзақбай Құлымбетов, халық ағарту министрі Темірбек Жұргенов, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Ораз Жандосов, ақын-жазушылар Мұхтар Әуезов, Ільяс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин т.б. бар. Бұлар ұлттық буржуазияның агенттері, жапон-герман фашизмінің шпиондары қатарына жатқызылған. М.Шоқай оларға тағылған саяси айыптардың сандырақтық сипатына, жалалардың ерсілігіне және шындыққа сәйкес келмейтіндігін атап өтіп, сталиндік саяси қуғын сүргіннің табиғатын ашып көрсетеді.

Осындай саясаттан кешегі Түркістан өлкесінде саяси қуғын-сүргіннің материалдық-адами шығындары шексіз болғанына дау жоқ. Ең қыны - ұлттық намыс езілді, ұлттық рух жанышылды. Сөйтеп тұра кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің бар табиғаты, бар зардаптары әлі күнге жан-жақты ашылған жоқ. Біз әлі сол кездегі шындықтың бетіндегі көбігін ғана айтып жүрміз. Бұл - қағидатты мәселе. Тәуелсіздіктің ширек ғасырға жуық уақыты өтсе де, санамызда азаттық идеясының толыққанды қалыптаса алмай отырғаны, рухани салада өзіміз қатарлы елдерден кенже келе жатқанымыз көбіне-көп кешегі өткеніміздің азабын да, бүгінгі тәуелсіздіктің құдіретті қүшін бағалай алмауымызда

былып отыр. Бұл, әсіресе, тіл, діл және дін кеңістіктерінде айқын байқалады.

Сол кезде үкіметтік мекемелерді шеткөрі халыққа жақыннату мәселесі «жергіліктендеру» деген атпен талай ұрандатылған болатын. Алайда большевик қайраткерлер Азамат соғысы аяқталғаннан кейін бұл ұстанымдарынан дереу бас тарып, өз ұstemдігінің екінші дәуірін бастады. 1930 жылы жазылған «Түркістандағы жергіліктендеру қандай мазмұндарды қамтиды?» атты мақалада Мұстафа Шоқай «қызыл сөздерге боялған» уәделер іс жүзінде «орыстың ұлттық рухына негізделген пролетариат диктатурасынан басқа ештеңе де болмай шықты...» деп жазды [7, 39 б.]. Одан ары мақалада Ресей Компартиясы Орта Азия бюросының бастығы Зеленскийдің мынандай сөзі келтіріледі: «Жергіліктендеру» дегеніміз – өкімет аппараттарының жергілікті халыққа жақындауы. Мұндай жақындауға жергілікті халықтың тілін үйрену арқылы орыстар да қол жеткізе алады» [7, 41 б.].

Бұл Кеңес үкіметінің Түркістанда жүргізген «ұлттық» саясатының орыс ұstemдігінің пайдасына қызмет еткенінің жаңа факторы еді. Мемлекеттік билік түркістандықтардың ұлттық мұддеге қатысты көтерген мәселелерін «ұлтшылдық» деп бағалады. Билік басына келген кеңестік жүйе өзінен бұрынғы бар уәде, ұрандарын желге ұшырып, Түркістанда өкіметтік биліктің иесі орыстар ғана бола алады деп ашық айтты. Бұл 1917 жылғы 19 қараша өткен Түркістан кеңесінің 3-съезінің шешімінде атап көрсетілді. Сол кездегі саяси жағдайлардың қызын болғандығы соншалықты, жергілікті халықтың 94 пайыз болғанына қарамастан Түркістанның мемлекеттік істеріне оларды тарту жөніндегі ойларды еске алудың өзі «керітөңкерісшілдік» деп жарияланатын.

Кешегі Алаш жетекшілеріне тағылған басты кінә олардың ұлтшылдығы, яғни өз ұлтың шексіз сүйгендігі болды.

Мұстафа Шоқай большевиктік жүйеге адам құқығы, демократия мен ұлт бостандығы секілді жалпы адамзаттық асыл құндылықтардың жат екендігі жөнінде бұлтартпас қорытындылар жасап, әлем жүртшылығына түрік халықтарының тәуелсіздік үшін құресінің зандылығын, әділеттігін ұғындыру үшін барын салды. 1931 жылы жазылған «Ақ - Қызыл» атты мақала басында осыған түрткі болған, сол кездің большевиктік социализм шындығын айқын танытатын екі фактіге тоқталады. Бірі – Ферғанадағы тоқыма фабрикасында екі орыс жұмысшысының алдағы екі үш жылда өзбек тілінің аты өshedі деп, оны үйренуден бас тартуы болса, екіншісі Ташкенттегі политехникум жұмысшыларының Түркістандағы мақта егісінің мәні жоқ, мұнда орыстар тұрғанда ешқандай социализм құру мүмкін емес деп таласулары болған. Бұдан ары большевиктердің Түркістанда орыс ұstemдігінің екінші бір дәуірін бастағаны, көне Ресейдің орыстандыру саясатының іс жүзінде «социализм», «интернационализм» негіздеріне сәйкестендіру үшін большевиктердің «түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық болсын» деген жаңа формуланы

ойлап табулары болды. Бұған мысал ретінде орыс әдебиеті мен рухани мәдениетіне қатысты дүниелердің барлығы Пушкин, Тургенев, Толстойсыз шығарылмайтындығы, олардың жасаған әдебиеттерінің іші де, сырты да ұлттық болып табылатындығы, онда пролетариаттың исінің де жоқтығы, ал біздің халқымыз өзінің Байтұрсыны мен Шолпандарын Мәскеудің «түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық» тұжырымдамасымен келіспегені үшін оқи алмайтындығы атап көрсетіледі. Мұстафа Шоқай «Асылында халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас нәрсе. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айындалады» дей отырып, большевиктер социализмді желеу етіп, бізді ана тіліміз – түрік тілін өзінің тарихи құқығынан айыруды көздең отыр деген түйін жасайды. Осыларды айта келіп, әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті, бостандық пен азаттықты ту етіп көтерген социализмі сынға алып, былай дейді: «Социализм – экономикалық теория болумен бірге, ұлттық теория да болып табылады. Барлық ұлтардың барлық жағынан теңдігі қамтамасыз етілмейінше, нағыз социализм туралы сөз болуы мүмкін емес» [7, 134-135 бб.].

Осы мақалада аса бір маңызды бір ой айтылған, бұған арнағы тоқтай кетпеуге болмайды. Ол: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» деген ой [7, 133 б.]. Өйткені бұл мәселеге әлі күнге дейін тиісті мән берілмей келеді. Алдымен большевиктер билеген Қазақстандағы ана тіліміздің жағдайы қандай болды? Осыған жауап берейік. Біріншіден, 1926, 1937 және 1978 жылдарғы қабылданған ҚазКСР Конституцияларында қазақ тіліне қатысты еш құқықтық норма болмады. Екіншіден, СССР Халық комиссарлар кеңесі мен БКП(б) Орталық комитетінің 1938 жылғы 13 наурызда қабылдаған «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндettі оқыту туралы» қаулысы өз елінде азшылық болып қалған біздің халық үшін зор қыншылықтарға жол ашты. Мәскеу кеше ғана шынайы зиялды қауымының алдыңғы өкілдері қырылыш-жойылған қазақ халқының бұл саясатты жалаулатып алып кететініне сенді. Шынында да солай болып шықты. Саясатшыл белсенділер алға шығып, орыс тілінің үстемдігін орнатуға білек түре кірісті. 1938-1939 оқу жылынан орыс тілі екінші-үшінші сыныптан бастап оқытылды. Осыменен бастауыш класс 5 жылдық болсын, оның алғашқы үш жылында ұл-қыздарымыз өз ана тілінде еркін оқып, жаза және сөйлей алсын, сонан соң 4 кластан орыс тілін оқытайдық деген баланың жас ерекшеліктерін жете билетін халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының өсietі келмеске кетті [11, 313 б.].

Мұның зардабын еліміз тәуелсіздік алғалы бері кем көріп келе жатқан жоқтыз. Қазір республикамыздың жеті мыңдай орта мектебіміздің 54 пайызы ғана, облыс орталықарына өнеге көрсетуге тиісті еліміздің Астанасында 92 мектептің 35-і ғана қазақ мектептері. Бұлардың барлығы жайдан жай емес. Шынына келгенде, бұлар ана тілімізге деген биліктің саясатынан туындалап отыр.

Осы кезге дейін қазақ тілінде еркін сөйлей алмай отырған Парламентіміз бен Үкіметіміз, көбіне иығын орыс тіліне тығып, қазақ тілінен қорғаныс іздептің немесе ұлттың азаматтарымыз «Мемлекеттік тіл туралы» заң керек десе жандары қысылып, жүректерін ұстайтын басшылар, өз бала-шағасымен өз тілінде сөйлесе алмай жүрген ата-ана мен әжелер, болмаса өз тілдерін менсінбей, орыс тілін білгендеріне, азын-аулақ ағылшын, қытай тілдерінде сөйлегендеріне мәз болып, өздерін бақытты сезініп жүрген жастарымыз, республикадағы мектептердің бестен бірін құраған аралас мектептердегі қазақ тіліне зар болып жүрген ұл-қыздарымыз, тіпті басқа қалаларға ұлгі болуға тиісті астанамызыдағы балалар ойнайтын алаңдарында қазақша сөйлемейтін жас өспірімдер, міне, осындай жағдайлар бүгінгі шындығымыз, ана тіліміздің қазіргі ахуалы.

Кеңестік Ресейдегі сталиндік социализм – үкіметтің халық бұқарасын шекіз озбырлық пен басып-жаншу жағдайындағы тонаушы шаруашылықтың нағыз тағы түрі деп басталатын «Сталиндік социализм – тонаушылық» атты мақаласында Мұстафа Шоқай социалистік құрылыштың алғашқы жылдары буржуазия талауға түссе, енді өздері үшін құрылыш жатқан социализм еңбекші халықты талантаражға салуда, дәл мұндай шаруалар мен жұмысшыларды қанау ешбір елде жоқ, болмайды да деп жазды. Бұған нақты дәлел келтіреді. Кеңес Одағының 1937 жылға қабылдаған мемлекеттік бюджетінің кіріс бөлігі 98 млрд. сом делінсе, оның сауда салықтары 76, 7 млрд сом деп көрсетілген. Ол астық, ет, қант, май, мата, керосин, арақ, темекіден алынатын салықтар. Мұны шаруалар мен жұмысшылар төлейді [12,255 б.].

Осылай әлеуметтік жағдайдың күрт өзгеруі, әділетсіздіктер мен озбырлықтың күшеюі, большевиктердің өз ұрандары мен үндеулеріне іс жүзінде екіжүзділік танытып, бас тартуы бұқара халықтың ашу-ызасын келтірді, жергілікті халықтың әртүрлі қарсылықтарын туғызды. Соның бірі - Түркістан аймағындағы халықтың белгілі бір тобының басмашылық қозғалысқа қатысуы. Бұл тақырыпқа «Түркістанда тағы да басмашы», «Басмашылардың шабуылы», «Басмашылық», «Түркістандағы «Басмашы» қозғалысы», «Түркістандағы көтерілістер туралы» («О восстаниях в Туркестане») т. б. мақалалар арналған. Соңғы мақалада орталық және жергілікті басылымдарда көтерісшілер қозғалысының тоқтамай түрмәғандығы туралы жазылған. Мысалға Ферғана облысы алынған. М.Шоқайдың ойынша, кеңестік басылымдар «басмашылықтың» толық талқандалғандығы және жойылғандығы немесе оның қайтадан жанданғандығы туралы үнемі жазады. Кеңестік хабарларда «дихандардың (түземдік егінші халықтар) басмашыларды жою жолында совет өкіметімен бір майданда соғысуға ант бергендейдігі», «түрғындар бізге көмектесуде», «дихандардың көңіл-күйінде совет өкіметіне қарай күрт бетбұрыс біржолата қалыптасты» деген сияқты сіресіп қалған стереотиптер жиі кездесетіні атап көрсетілген.

Көтерілістің шынайы себептеріне талдау жасалған. Сонымен бірге Түркістандағы Кеңес билеушілерінің және басмашылар көшбасшыларының бірқатарының өмірлерінің күмәнді тұстарын алға тартып, олардың моральды бейнесі әшкерленген [2, 425-430 бб.]. Ал «Түркістандағы басмашылар қозғалысы туралы» («О басмаческом движении в Туркестане») атты мақалада 20-шы жылдың соңына қарай кеңестік Түркістан өлкесінде басмашылық қозғалыстың бір жола тоқтағандығын жазылған. Бірақ бұл уақытта Ташкент басылымдарында «басмашылар», олардың үстінен қозғалып жатқан сот істері туралы материалдар тоқтаусыз жүріп жатты. Автор ол істердің басмашылыққа еш қатысы жоқ дей отырып, «басмашы» сөзінің этимологиялық мәнін түсіндіреді. Өзбек тілінде «қарақшы», «тонаушы», «бандит» мағынасын білдіреді. Алайда кеңестік насиҳат бұл лақап атты Түркістандағы кеңес билігіне қарсы шыққан бүкіл көтерісшілерге қатысты қолданады. Автор Түркістандағы «басмашылықтың» шынайы себептерін, оның қозғаушы күштерін сараптайды. Сондай-ақ Түркістан эмигранттарының «басмашылық» қозғалысқа қалай қарайтындығын білдіреді [3. 539-558].

Мұстафа Шоқай Кеңес өкіметінің 30-жылдардан кейінгі мемлекетті басқару бағытындағы өзгерістерге де көп көңіл бөлген. Сол кездің тамаша тарихи дереккөздері болып саналатын «Табыс мерекелері», «Ресейдегі жағдай және біздің міндеттеріміз» және т.б. мақалаларында Сталиннің жеке басына табынушылықтың болашағын көрегендікпен болжай алды. Өздеріне қолайлы жайға үйренген жоғары элита Сталинді барынша дәріпте, оны тәңірге айналдырғанын, кеңестік бүқаралық ақпарат құралдарында бар нәрсені тек соның атымен байланыстыру науқанының басталғанын жақсы байқады. Бұл, әсіресе, кеше ғана Қазан революциясында қан төгіп, жаңа үкіметтің басы-қасында болған, бейбіт кезде алғы шепте жүрген, бірақ Сталиннің жеке диктатурасымен келіспеген Зиновьев, Каменев, Бухарин және т.б. толып жатқан партия басшыларына «сатқын», «фашист агенттері» деген ауыр айыптар тағылып, көбісі атылғаннан кейін күшіне түскен болатын. Бұл үдеріс сондай-ақ «сталиндік» деп аталған Конституцияның қабылдануына байланысты жаңа қарқын алғанды. Ал қарсыластарын жойып, маңайын тазалап алған Сталин өзінің жеке билігін Отан соғысындағы жеңістен соң әбден нығайтқаны мәлім. Содан жұмысшы табының диктатурасы Коммунистік партияның Саяси бюросының, шындығында оның Бас хатшысының жеке диктатурасына айналды. Кейін жеке басқа табынумен құрескендер де өздерінің жеке билігін ауыздықтай алмады. Оларды да жоғары билік мансабы құл еткен-ді. Партия жүйесінде реформа болмады. Осының бәрінің ақыры Кеңес Одағын құлатып тынды. Сөйтіп кәрі тарих талай куә болған шексіз жеке биліктің ешуақытта да жақсылыққа апармайтыны туралы шындық тағы да расталды.

Мұстафа Шоқай тек Түркістан тақырыбымен шектеліп қалмады, бүкіл

түркі жұрты оның мәңгілік тақырыбы болды. Бұл қайсар тұлғаның өзіндік ерекшелігі де болатын. Кейін оны бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті деу жайдан жай емес-ті. Осыған бірер дәлел келтіре кетейік. 1920 жылы Грузиядағы «Независмый горец» газетінде жарияланған «Түрік коммунистерінің саяхаты» (Путешествие турецких коммунистов) атты мақала түрік елінің кеңестік жүйеге деген қатынасына, коммунистердің түркі халқына жасаған әділетсіздіктері мен зиялы қауымға жасаған қастандық әрекеттеріне көрсеткен қарсылығы туралы жазылған. 1920 жылғы 12 шілдедегі «Вольный горец» газетінің 44 санында жарияланған «Большевиктер және Анатолиялық қозғалыс» (Большевизм и Анатолийское движение) атты мақалаға

Константинополь арқылы Кіші Азиядан Батумға келген, Түркиядағы жағдайды жақсы білетін кісінің әңгімесі негіз болған. Ол Кавказ сырты баспасөзінде түріктердің Анатолиядағы қозғалысы туралы мәліметтердің теріс екенін ескерте отырып, Мұстафа Кемаль паша мен өзімен пікірлес адамдар революциялық коммунизмнен тіптен алыс және Шығысты азат етуді мақсат етіп отырған жоқ деп түсіндіреді [2, 167-171 бб.].

Өз заманына сай терең білім алған заңгер, ғұлама ғалым Мұстафа Шоқайдың кеңестік саясаттың кейбір теориялық мәселелері туралы айтқан ойлары сонылығымен және объективтілігімен қызығылдықты. Эрине, бұл мәселелердің арнайы зерттелмегенін ескерген жөн.

Кеңестік өкіметі тарих сахнасына ең бірінші жұмысшы табына сүйеніп келгені белгілі. Большевиктердің ресми ақпараттары мен ұрандарының өзегі осыны құрады. Алайда Мұстафа Шоқай (1933 жылы жазылған «Кеңес үстемдігінің 16-шы жылдығына орай») атты мақаласында билік жалпы жұмысшы табының қолында емес, бір ғана большевиктер партиясының уысында екенін атап көрсетіп, «жұмысшы демократиясы» деп жалаулатылған үгіт-насихаттың шындыққа жана спайтын саяси сипатын, оның іс жүзінде олай болмайтынын, болуы мүмкін емес екенін атап көрсетеді. Бұған дәлел ретінде «Жұмысшы демократиясы дегеніміз тарихтың табиғи қажетіне сәйкес бірігіп, бүгінгі саяси демократияның шеңберінде бола отырып, жалпы жұмысшы табының дербес тап ретінде өзін көрсете алуы болып табылады» деген анықтама ұсынады [7,343 б.]. Сонымен қатар Мұстафа Шоқай жұмысшылар табының да біртекті емес екенін, социалист (түрліше түстегі) жұмысшылар болғаны тәрізді антисоциалист жұмысшылар да болатынын, Еуропада «католик жұмысшылар ұйымының» да бар екенін, егер жұмысшылар көмектеспесе және қатынаспаса, онда Италиядағы фашистер мен Германиядағы гитлершілдер құш алуы мүмкін бола қоймайтынын тілге тиек етеді.

Мұстафа Шоқайдың Кеңес Одағының саяси жүйесінің құқықтық негізін айқындаған конституциялар туралы ой-тұжырымдары бүгін де мәнді. Бұл тақырыпқа «Кеңестің негізгі заңы» және «Кеңес Одағының негізі заңы төңірегінде» деген екі мақала жазылған. Алғашқы мақала «Яш

Түркістан» журналының 1936 жылғы №80-81 санында жарық көрген. Германияның ұлы мемлекет қайраткері Бисмарктың мынандай: «Әкімшілігінен ынсан кеткен жерде заңдан қайыр жоқ» деген қағидалы да тағылымды сөзіне 1936 жылғы 5 шілдеде жарияланған Кеңес Конституциясы мысалға келтіріліп, оның кейбір қағидалы мәселелерін талданады, қайшылықтары көрсетіледі. 1936 жылы қабылданған Кеңес Конституциясының мәтіні 11 шет тілге аударылып, 15 млн. тиражмен таратылды. Құллі Кеңес адамдарын шексіз қуанышқа бөлегені туралы көпірме жар салдырған Негізгі заңға сыртқы әлемдегі қоғамдық пікірде сенімсіздік күшті болды.

Буржуазиялық газеттердің бәрі жаппай оны сынап жатқанына «Таң» (Li Terms) және «Поплер» («Le Populaire») сияқты француз газеттерінен дәлелдер келтіріледі. Мұстафа Шоқай кеңестік Негізгі заң жобасына қарсы пікірлердің себебі Кеңес үкіметінің өз өмірінде жатыр деп, саяси талдау жасаған. Негізгі заңның 17-тармақта суверенді республикалар, егер өздері қажет деп тапса, өз қалауымен Кеңестік Республикалар Одағына бөлінуге құқығы бар делінген, ал шын мәнінде бұл декларация жай мәлімдеме еді. Ал Кеңес адамдарына берілген бостандық оларға тек «социалистік құрылышты нығайту» үшін ғана берілген. 126-тармақта «Белсенді, ынталы, саналы азаматтар ғана коммунистік үйымдарға біріге алады» делінген жолдардың екінші мағынасы – 98 пайыз партияға кірмеген адамдар белсенді, ынталы және саналы болып саналмайды. Мақала «Бізді кеңестік зандардың бірде бірі қанағаттандырымайды. ... «Біртұтас және азат Түркістан» біздің кір шалmas қасиетті ұранымыз, міне, осы» деген жалынды сөздермен аяқталады [12, 164-168 бб.]. Ал 1936 жылы жазылған «Кеңес Одағының негізгі заңы төңірегінде» атты мақаласында, автордың өз сөзімен айтқанда, әңгіме конституцияның баптарында емес, оның рухында, орыс ұлтшылдығының саясат, әдебиет, музика мен өнер т.б. салаларда барлық көріністерінің нығая түсінде екенін атап көрсетті.

Отаршылдық тарих бүкіл большевиктердің мақтанышына айналып отырғанын айта келе, сталиндік негізгі заңның ішкі мазмұны осыған иландырып, бас игізу үшін жасалған дейді. Мақаланың соңында орыстың қайта жаңғырған ұлы державалық империализміне қарсы барлық бодан халықтардың, ел ішінде және шетте жүргендердің өзара қол ұстасып, бірыңғай майданға бірігіп күрес жүргізуге міндеттей түсетіні, мұның жалғыз және дұрыс жол екендігі кеңестік жаңа заң қабылданғаннан айқындала түсті деген қорытынды жасалады [12, 364 б.]. Ал «Түркістан Республикаларының конституциялары туралы» («О конституциях Туркестанских республик») деген мақалада барлық Түркістан республикаларында Советтердің съездері өтіп, жаңа конституциялар талқыланып, қабылданғаны, олардың барлығы «мәскеу типтес» бір ұлгімен жасалғандығы және ерекшеліктері тек республикалардың аттарында ғана екені атап көрсетілген. Мұстафа Шоқай Кеңес конституциясының біздің еліміздің Ресейге міндетті түрде

қосылуынан туындайтын ең негізгі идеясын жоққа шығара отырып, біз Түркістан республикаларының «өз конституциясы» бар екендігіне оң көзқараспен қараймыз. Бұл фактіде өзінің мазмұны жағынан біздің қалауымызға сәйкес келмесе де, ұлттық тәуелсіздіктің жоғары қағидаты жатыр деп санайды. Осыларды айта отырып, ол ерте ме, кеш пе Түркістанда тәуелсіздік орнайтынына сенім білдіреді [6, 382-384.бб.]. Мұстафа Шоқай «Советтер қол астындағы Түркістан (Пролетариат диктатурасына мінездеме)» атты еңбегінде Түркістанның кешегі патшалық Ресейдің ғана отары болмағына, оның саяси жалғасы кеңестік жүйенің де отары болғанына толып жатқан мысалдар келтірілген болатын. III Интернационалдың әйгілі көшбасшысы саналған Зиновьев 1920 жылы қыркүйекте Бакуде өткен Шығыс халықтарының съезінде кеңес үкіметінің Түркістандағы агенттері «далалық шаруаларды ренжітеді, жерлерін алып қояды, оларға тәменгі нәсілділердің тұрғысынан қарайды» деп мойындауға мәжбүр болған еді [8, 104 б.]. «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылғы 1-ші және 3-інші қаңтардағы сандарында «Ұлтаралық алауыздық» деген мақалада революцияның болғанына он жыл өткенімен орыстың ұлы державалық ескі саясатының тұра және заңды ұрпағының жалғасы отарлаушы кулактар әлі күнге дейін қазақтарға, өзбектерге, тағы басқа езілген халықтарға ұstemдіктерін жүргізіп келе жатқандығы туралы жазылған болатын [8, 143-144 бб.]. Осы екі фактінің өзі-ақ, бір жағынан, Түркістандағы большевиктердің орыс патшалығының ұлы державалық рухының мұрагерлері екенін, екінші жағынан, Кеңес өкіметінің сол кездегі ұлттық саясатының сипатын жеткілікті танытады. Тіпті 1950 жылдары Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру деген желеумен қазақ еліне тағы да миллиондаған европалық қоныстанушылар келгендігі, соның салдарынан сан ғасыр жердің, елдің иесінің азшылыққа айналуы да кеңестік саясаттың патшалық Ресейдің отаршылдығынан ұзай қоймағанының айқын көрінісі болатын. Ал «Коммунизм не за горами» деп даусы қарлықтан Кеңес көсемі Хрущевтың Қазақстанның солтүстік бес облысын Ресейге қосқысы келіп жанталасқан саясатын немен түсіндіруге болады? Тіпті бүгінгі тәуелсіз, шекарасы айқындалған Қазақстан территориясынан үміт етушілердің дауыстары әлі естіліп жататыны жайдан жай емес.

Әр заман өз тарихын қайта қарап жататыны ертеден аян. Алайда өткенге қиянат жасап жататын кездер де аз емес. Тамаша тарихшы Мұстафа Шоқай өзінің «Кеңес патриотизмнен – орыс ұлшылдығына» (От Советского патриотизма к русскому национализму) атты мақаласында Кеңес үкіметі Сталин жасаған «социализмнің бір елде женеі мүмкін» деген теориясына сәйкес уақытша бір мезгіл дүниежүзілік күрестен шегіне тұру үшін, кеңестік Ресейге қараған халықтар назарын дүние жүзі пролетариатының төңкерісі мен отар халықтардың азаттығы сияқты нысаналардан бұрып, «кеңестік патриотизм» ұранын көтерген болатын. Алайда бұл Кеңестер

Одағының орыс емес өлкөлерінде жергілікті халықтың «ұлттық патриотизмін» оятады. Бұған мақалада әлі әлсіз болса да, Қазақстан комиссарларының бастығы Исаұлы Ораздың сөздерін дәлелге келтіреді [6,76 б.]. Міне, бұл Кеңес үкіметін «кеңестік патриотизмнен» «орыс ұлтшылдығына» ашықтан ашық көшуге алып келді. Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің Ресейді «ұлттардың ұлы түрмесі» дегенінен Сталиннің тікелей талап етуімен бастарту туралы қаулы шығарды. Енді Ресей империясының тарихы көрші елдермен оңды қарым-қатынастар, өзара кірігулер нәтижесінде «табиғи түрде» пайда болған деп түсіндірілді. Шет аймақтар Ресейдің отары болмаған, олар жағырапиялық жағдайлар мен тарихи заңдылықтар негізінде жүзеге асқан деп сендірілді. Бұл сияқты Ресейдің тарихы туралы жаңа теориялар «Правда» және «Известия» газеттерінің бірнеше сандарында жарияланды. Бұл тұжырым одақтас республикалар арасында Ресей Федерациясын бірінші орынға шығарды. Сол себепті «Правда» газетінде (36.02.01) осы тең құқықты Кеңес патриоттары арасында біріншілік орыс халқына, орыс жұмысшыларына, орыс еңбекшілеріне тиесілі, төңкерістің алғашқы күнінен осы күнгі сәулетті дәуірге дейінгі барлық істерде оның рөлі айрықша деп жазды. Мақала енді Ресей бұғауындағы елдер өздерінің құрескөр ұлтшылдығын ашық дәріптеліп отырған «орыс ұлтшылдығына» қарсы қоя алар ма екен деген сұрақпен, алдағы тағдыр осымен байланысты деген сөздермен аяқталады [6, 79 б.]. Кеңес үкіметі мен коммунистік партияның алғашқы кезден бастап күндіз-түні талмай насиҳаттаған тақырыбы пролетариат табының диктатуrasesы болатын. Ал Мұстафа Шоқай өз мақалаларында Түркістанның байырғы халықтарының Қазан төңкерісіне ешқандай қатысы болмағандығын айтЫП, пролетариат диктатуrasesы шын мәнінде орыс диктатуrasesы болып отыр деген қорытындыға қайта-қайта жүгінеді. Жергілікті газеттердің материалдарына негізіделген 1935 жылы жазылған «Атамекен жағдайы» атты мақалада осы диктатураға сүйенген Түркістанда жүргізіліп жатқан ашық террор, Кеңес өкіметінің халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы, азапқа салуы, аштыққа душар етуі мен жүздеген-мындаған жазықсыз жандардың атып өлтірілуі туралы айтЫлады. Ең сорақысы - партиядан шығарылғандардың, қамауға алынғандардың, жер аударылғандар және өлім жазасына кесілгендердің бар кінәсі олардың баяғыда өліп қалған атасының бай, саудагер, ғұлама, яғни кезінде іс басында болғандықтары немесе айыпталуышының көне медреседе оқығандығы болды [12,56 б.]. Ресей теоретиктерінің Түркістандағы таптық құрес туралы ойларына да Мұстафа Шоқай өз көзқарасын ашық айтты. «1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі» деген мақаласында жүздеген жылдар Ресейдің отары болып келе жатқанын елдегі ұлттық қозғалысты пролетариат төңкерісімен теңестіруге болмайтынын ескертеді. Өйткені бұл үшін, лениндік қағида бойынша, «ұлт ішіндегі таптық құрылыш пен таптық құрес жетілген болуы керек» дейді. Содан

Мұстафа Шоқай «Таптық құрес ұлттық өнеркәсібі қалыптастасқан саяси, әлеуметтік және экономикалық мұдделері бір-біріне қарама-қарсы түрған, ұлттық буржуазия мен ұлттық пролетариат таптары бар тәуелсіз елдерде ғана болуы мүмкін» деumen қатар «қаналушы және қанаушы ұлттар пролетарлар табының арасында достық және туыстық байланыстар орнатылуы тиіс» деген кеңес саясатына баға береді.

Ол: «Түркістанда мұндай жағдай патшалық дәуірде, Лениннің тірі кезінде де болған жоқ. Бүгін де жоқ. Атамекеніміз Түркістан Мәскеуге күшпен бағындырылғаннан бері Түркістанның ұлттық пролетары мен орыс пролетары арасында ешқандай бір достық жақындық болған жоқ. Және болуы да мүмкін емес» деп кесіп айтқан болатын [7, 196 б.].

Кеңес үкіметінің экономикалық саясаты да сынға алынады, оның әлеуметтік астары Түркістанның тәуелсіз өмір сүру мүмкіндігін біржола жою екенін, оны Ресейдің шикізат көзіне айналдыруға бағытталғанын көре білді. «Түркістанда мақта төңірегіндегі құрес», «Мақта төңірегіндегі құрес», «Патшалық Ресей министрі Кривошеиннің Түркістандағы мақта шаруашылығына қөзқарасы» және т.б.

мақалаларында Мұстафа Шоқай жергілікті дихандарды дербес жұмыс жүргізу мүмкіндігінен айырып, Орталық үшін қажет мақтаны зорлап еккізіп отырғанын айтып, Өзбекстан мен Түркістандағы ашаршылықтың ең басты себебі – дәнді дақылдар еgetін жерлердің мақта егісіне берілгенін айтып, мұның Түркістанға қандай қауіп-қатер төндіретінін түсіндіреді. Бұл ашаршылыққа әкелетін төте жол болатын. «Сол себепті Түркістанның тәуелсіздігі мен бостандығы үшін құресуге бел байлаған әрбір адам алдымен Түркістанның астық тәуелсіздігі үшін құресуі лазым. Өз жерімізде өзімізге жететін астық өндіре алсақ қана Түркістанды құтқаруға үміт арта аламыз» деп жазылды [7, 30 б.]. Ал

Кеңес үкіметі өзінің үстемдігін нығайта түсуді қөздеген большевиктер: «Бұл саясат жергілікті жерге қызмет етеді. Және ол Түркістанда басқару істерін қысқа мерзім ішінде жергілікті халықтың өз қолына беру арқылы ғана жүзеге асады» деп даурыққан болатын [7, 57 б.]. Бірақ осындай даурықпа насихаттың көленкесінде олар өздерінің түпкі ойларын жүзеге асыруға кірісті. «Правда Востока»

газетінде (30.10.1929) жарияланған Мәскеу телеграммасындағы Тоқымашылар одағының Орталық Комитетінің алдағы (1930 жылы – автор) жарты жыл ішінде алты мың жұмысшыны Кеңес (яғни үкімет) және шаруашылық салаларына жауапты әкімшілік қызметтерге жіберуді шешкені, бұдан басқа жергілікті тоқыма өнеркәсібіне тән мекемелерді күшету үшін тағы 500, Орталық Азиядағы жауапты қызметтерге 400 жұмысшы баратыны туралы хабарлар да орыстандыру саясатын айқын көрсететін мысалдар болатын [7, 58 б.]. Осылай Ресейдің мақта саясатын жан жақты әшкере етілді.

Мұстафа Шоқайдың кеңес шындығына құрылған еңбектерін оқы отырып, қорытар ой да, алар тағылым да мол. Бұл, әсіресе, бүгін

тәуелсіз елімізге отыз жыл толып жатқанда маңыздырақ болып отыр. Мұны ұлы тұлғаның шығармаларының он екі томдық толық жинағын парактаған оқырман зер салып ұғынса, оның саяси санасы сергіп, тәуелсіздікті тұғырлы етуге құлшына түсері сөзсіз. Бас-аяғы екі-үш беттей, бірақ көтеріп тұрған жүгі салмақты «Большевизм – түрікшілдіктің қас жауы» атты еңбегінде Мұстафа Шоқай большевиктер саясатының бет-бейнесін анығырақ ашты, түркістандықтардың ұлттық рухымен рахымсыз құрес жүргізу – орыс большевиктерінің саясатының басты мазмұны болды деп атап көрсетті. Олар біздің ұлттық рухымызды өшірумен ғана шектелмей, оны ең жексүрын, ең залалды нәрсе етіп көрсетуге тырысады, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болды дейді. Сол себепті Мұстафа Шоқай былай деп жазған еді: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» [7,166 б.]. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқыңың алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсуге көмектеседі.

Бүгінгі күні бізге жетпей отырған осы ұлттық рух. Мысалы, мемлекеттік мәртебеге ие болғанына ширек ғасырдан аса да, қазақ тілі мемлекетіміздің төрінен орын ала алмай отыр. Ұлттық сергектіктің де тым бәсендігін осымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар қеңестік идеологияның шет аймақтардағы ұлт жетекшілерімен қресте қеңінен қолданған саясатының бір негізі «ұлтшылдық» ұғымында да жатқан еді. Мұстафа Шоқай Түркістанда ұлттық өкіметтің ұстемдігінен басқа ешбір құшті мойындау негізіне құрылған ұлтшылдық идеясына түсініктеме бере келіп, былай дейді: «Ол (ұлтшылдық – автор) – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» [7, 49 б.]. Осы «ұлтшылдықты» дұрыс түсінбеу, оны ұлттық астамшылықты танытатын «шовинизммен» шатастыру бүгін де жалғасып, ұлттық рухымызды көтеруге белгілі түрде кедергі келтіріп келеді. Сол себепті бұл мәселені толық түсіну үшін тағы да Мұстафа Шоқайға жүгіне кетейік: «Шовинизм» деп басқа ұлттардың мұдделері есебінен тар ұлтшылдыққа бой ұруды, басқа ұлттардың өмірлік мұдделерін тек өз ұлтыңың мұддесі үшін құрбан етуді айтады.

Шовинизмнің бой көрсетуі үшін шовинизммен айыпталып отырған ұлт өзі өмір сүрген елде ұстем орынды иемденуі, мемлекеттік билікті қолында ұстасуы шарт» [7, 50-бет]. Яғни шовинизмді мемлекеттік билікті қолында ұстап отырған ұлт қана жүргізе алады.

Мұстафа Шоқайдың тарихи деректемелік негізге құрылған қеңестік шындықтың маңызды туралы мол мұрасын түгел қамту мүмкін емес екені белгілі. Көп қырлы да сан сырлы бұл мәселе - ұлкен іргелі еңбектердің тақырыбы. Дегенмен энциклопедиялық деңгейдегі білімдар, дүние жүзінің бірнеше жетекші тілдерін білген қайсар

күрескер Мұстафа Шоқайдың бұл бағыттағы ой-тұжырымдары тәуелсіз еліміздің шынайы табиғатын тануда да таптырmas рухани қазына екені сөзсіз.

**Әбдіжәлел БӘКІР,  
саяси ғылымдар докторы,  
профессор**